

№1 педагогикалық кеңестің
шешімінде қабылданды
(2021 жылғы 31 тамыз №1 хаттама)

«Бекітемін»
«Ақтиін» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі  К.Н. Абильдаева
«___» «___» 2021ж.



Логопед маманының 2021-2022 оқу жылына арналған циклограммасы

Логопед: Кенжеғалиева Л.К

2021-2022 оқу жылы

**Логопед маманының ұйымдастырған оқу қызметінің
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Қыркүйек айы 2021 жыл

Сәрсенбі: 01.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 02.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 03.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 06.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 07.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:08.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 09.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма:10.09. 2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі:13.09.2021 ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 14.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:15.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі:16.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма:17.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі:20.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 21.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:22.09. 2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі:23.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма:24.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Дүйсенбі:27.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 28.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:29.09. 2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі:30.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00
--	---	---	---

Тақырып: «Менің балабақшам»

01.09-03.09.2021ж.	Мақсаты: Балабақшаға деген қызығушылықтарын, сүйіспеншіліктерін арттыру. Өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру. Ой өрістерін, сөздік қорларын молайту. Көрнекілік: Үлестірмелі суреттер. Дидактикалық ойын: «Кімнің жұмыс орыны» Мақсаты: Баланың ойлау және зейінін дамыту, дыбыстарды айыра білуін дамыту. Мазмұны: Балаларға берілген пазыл бөліктерімен қызмет орынының бөлмесін құрастыру және сол бөлмеде жұмыс істейтін қызметкерді тауып, орналастыру. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық» Мақсаты: балалардың сөздік қорын, фонетика-фонематикалық есту қабілетін және логикалық ойлауын дамыту, ептілік пен тез әрекет етуге үйрету. Мазмұны: сыйқырлы сандықтың ішінен дөңгелекшелерді алып, онда бейнеленген суретті атап, ондағы басқы және соңғы дыбысты атап, соңғы дыбыстан басталатындай етіп сөздерді ретімен орналастырып жұлдызды құртты құру, яғни дөңгелектерді ретімен бір-біріне байлау. Тіл ұстарту жаттығулары: Қолға алып шарды, Үрлеймін мен былай. УФ-УФ-УФ Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды пааааах.
--------------------	---

Тақырып: «Менің достарым»

06.09-10.09.2021ж	Мақсаты: Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Суреті бойынша, әңгіме құрастырып айтып беруге үйрету. Көрнекілік: Заттық суреттер, түрі - түсті бояулар, дидактикалық ойындар Дидактикалық ойын:« Пых-Шәйнек» Мақсаты:П-дыбысын машықтандыру Мазмұны: Балаларға қайнап тұрған шәйнектің суретін көрсетіп,бұл шәйнектің аты «Пых»,ол қайнаған кезде п-п-п дейді,енді бізде шәйнекке қосылып,пысылдайық. Дидактикалық ойын: «Ағашты тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ағаштардың атауынанық айтуға үйрету. Мазмұны:Үстел үстіне төрт өсімдіктердің шырша, қайың , емен, терек, олардың жапырақтарының суреттерін қояды. Жапырақтарына қарай ағаш түрін тауып алу керек. Жаттығулар: Жаңылтпаш: Көк базарда күзде бәрі бар, Барып бәрін, бәрін ал.
-------------------	--

Тақырып: «Менің сүйікті ойыншықтарым»

13.09-17.09.2021ж	Мақсаты: Балаларды ойыншықтардың түрімен, түсімен таныстыру, тақпақтар айтқызу, сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, қабылдау есте сақтау қабілетін жетілдіру, ойын арқылы қызығушылығын артыру мақсатында өткізілетін сабақ түрлі түсті ойыншықтар, көрнекілікке алынып көрсету, түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ - жауап, ойын, көркем сөз пайдалану. Көрнекілік: Резеңкеден жасалған, темірден жасалған, ағаштан жасалған, матадан жасалған ойыншықтар және суреттері, ойынға байланысты маскалар, аңдар киімдері, көбелек. Дидактикалық ойын: Қуыршақ ойыны Мақсаты: Баланың есту және таным процестерін дамыту мақсатында дыбыстарды нақты айтуға дағдыландыру. Мазмұны: Қуыршақты тербетіп отырған кішкентай қыздың суретін қарастыру; -«Бұл Айсулу, ол қуыршағын ұйықтатып отыр және -А-а-а-деп әндетеді! Біз де көмек берейік А-а-а –деп әндетеміз (қолымызбен тербетіп көрсетеміз). Әндеткенде балаға ауызыды кең ашуды көрсетеміз. Дидактикалық ойын: «Алма ағашы» Мақсаты: Р, Л, Ш дыбыстарын дифференциялау. Дыбыстарды бір-бірінен ажыратуға үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөзде бекіту. Мазмұны: себеттегі алмада бейнеленген суретті атап Р, Л, Ш, С дыбыстарын бір-бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру. Жаттығулар: Ойын жаттығулары-«Менімен бірге ата» ойыны. мен жануарлардың суреттерін көрсетем ал сен дыбыстайсын ойыны, қолдың ұсақ моторикасын дамыту-«Саусақтар әні» жаттығуын орындау
-------------------	--

Тақырып: «Балабақша қызметкерлері»

20.09-24.09.2021ж	Мақсаты: Балабақшаға деген сүйіспеншілігін дамыту, өзінің балабақша ұжымының мүшесі екенін санасына сіңіру, достық қарым - қатынас сезімдеріне тәрбиелеу. Көрнекілік: Үлестірмелі суреттер Дидактикалық ойын: «Қоңыз» ойыны (баланың ерекшелігіне қарай) Мақсаты: Ж дыбысын машықтандыру Мазмұны: Қоңыздың суретін балаға көрсетеміз. Бұл «Женя» деген қоңыз, ол Ж-ж-ж деп әндетеді, ал қане біз де әндетіп көрейік Дидактикалық ойын: «Тоқылдатайық-шапалақтайық» ойыны. - Балалар, мен сендерге әртүрлі мамандық иелері не жұмыс істейтінін айтамын. Менің айтқаным дұрыс па, бұрыс па? Ойланып отырыңдар. Менімен келіссеңдер, екі қолмен шапалақтайсыңдар. Келіспейтін болсаңдар, үстелді тоқылдатысыңдар. - Аспаз сиыр сауады. - Тәрбиеші балаларды үйретеді. - Аспаз балаларды емдейді. - Дәрігер етті қуырады. - Дәрігер адамдарды емдейді. - Медбике екпе салады.
-------------------	---

Тақырып: «Күз кереметі»

27.09-10.10.2021ж	Мақсаты: Маусымның негізгі белгілері бойынша күз туралы бастапқы түсініктерін: күн райының ахуалы мен күзгі күн райының негізгі жағдайларын жалпылау. Зат есімнің жекеше түрінен көпше түрін құрауды, етістіктің жекеше және көпше жіктелуін анық ажыратуды үйрету. Зейін, еске сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Көрнекілік: Үлестірмелі суреттер, доп, жапырақтардың суреттері Дидактикалық ойын: «Заттардың көптігі туралы айт» дидактикалық ойын (доппен). Жапырақ - жапырақтар, саңырауқұлақ - саңырауқұлақтар, жидек - жидектер, гүл - гүлдер, ағаш - ағаштар, бұта - бұталар, қолшатыр - қолшатырлар, бұлт - бұлттар және тағы басқа. Балалар заттардың көптігін білдіріп, берілген сөздердің көпше түрін айтады. Дидактикалық ойын: «Қажетті сөзді тап». Мақсаты: Тапқырлыққа, ойланып жауап беруге, сықақ сезімін дамыту. Мазмұны: Бір сөз атайды, балалар соған қажет заттардың атына байланысты сөздерді тез атауға тиісті. Мысалы: тоқылатын заттарды ата десе, балалар- шұлық, шәлі, қолғап, жемпір деп жауап береді. Қайда, немен, кім тоқиды? - Фабрикада машинкамен, үйде бізбен тоқымашы тоқиды. — Тігілетін заттарды ата- көйлек, етік, тымақ, көрпе, пальто. — Қайда, немен, кім тігеді?. Сергіту сәті. «Күз». Жел үрлейді, у-у-у! Құйын кетіп билейді, зу-зу-зу! Ұйытқып соқты жел, гу-гу-гу! Жапырақтар қол соқты, ду-ду-ду! Балалар тақпақ мәтініне сәйкес қимылдарды көрсетеді.
-------------------	--

Логопед: Кенжеғалиева Лунара Жалғасқалиқызы

**Логопед маманының ұйымдастырған оқу қызметінің
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Қазан айы 2021 жыл

Жұма: 01.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Дүйсенбі: 04.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 05.09.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 06.10.2021ж Сағат:09:30-12:00 Бейсенбі: 07.10.2021ж Сағат:09:30-12:00 Жұма: 08.10.2021	Дүйсенбі: 11.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 12.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 13.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 14.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 15.10. 2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 18.10.2021 ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 19.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 20.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 21.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 22.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 25.10.20201ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 26.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 27.10. 2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 28.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 29.10.2021ж Сағат: 09:30-12:00
---	---	---	--

Тақырып: «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

04.10-08.10.2021ж

Мақсаты: Балаларды отбасы мүшелерін бейнелеуге үйрету, адамның тұлғасын салуға үйретуді жалғастыру, дене өлшемдерін нақты бере білуді жетілдіру.

Көрнекілік: үлестірмелі суреттер

Дидактикалық ойын: «Кім артық?»

Анам, әкем, дәрігер.

Ағасы, әпкесі, сыныптасы.

Әжесі, атасы, көршісі.

Мақсаты: отбасы мүшесіне жатпайтын адамдарды ажырата білу

Мазмұны: берілген суреттерге қарап артық адамды табу

Дидактикалық ойын: «Кімнің? Кімдікі? Кімдердікі?» ойыны.

- Сен кімнің баласысың?

- Анамның, әкемнің, әжемнің және тағы басқа.

- Кімнің бас киімі?

- Тәтемнің, көкемнің, апайымның, ағамның және тағы басқа.

Жаттығулар: «Денеңді тік ұста» - тыныс алу бұлшықеттерінің жұмысын жеңіл сезіну үшін дене қалпын дұрыс ұстай білуі қажет. Орнымыздан тұрамыз, жауырын, иық бұлшықеттерін босаңсытамыз. Енді өз денемізді (иық, кеуде) көтеріп, оны артқа итереміз. Жауырынымыз мықты, тік, ал қолымыз, мойынымыз бен иығымызды жеңіл, бос жібереміз.

Тақырып: «Менің көшем»

11.10-15.10.2021ж	Мақсаты:Балалардың мекен-жайы туралы,өздері тұратын көшесі туралы білімдерін дамыту. Өз көшелерін таза ұстауға тәрбиелеу. Балалардың ойлау, есте сақтау және қолдың ұсақ моторикасының қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеуін дамыту Көрнекілік: заттық суреттер, дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойын:Сикырлы суреттер Мақсаты:Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Мазмұны:Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет кұрайды. Сурет бойынша әңгіме кұрауды ұсыну. Дидактикалық ойын «Керісінше айт» Биік үй - ... (аласа үй). Терең өзен - ... (таяз өзен). Жаңбырлы ауа райы - ... (ашық ауа райы). Тар аллея - ... Соңғы қабат - ... Төте жол - ... Биік көпір - Мақсаты: көшедегі құбылыстарыд тануға баулу Мазмұны: Балалар берілген сөздерге қарама-қарсы мағынадағы сөздерді тауып айтады.. Жаттығулар: «Үй», «Қақпа», «Құлып» саусақ гимнастикасы. Төбенің басында үй тұр. Оған барар жол жабық. Біз қақпаны ашамыз,Үйдің алдына барамыз, Құлыптаулы есіктіКім ашады? Есікке таяп келдік, қақтық,Бұрадық, айналдырдық ... аштық!
--------------------------	--

Тақырып: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

18.10-22.10.2021ж	Мақсаты:Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау ,балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.Үйдегі қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру,қауіпті заттармен,қауіпсіздік жағдайларымен таныстыру және олардан сақтана білуге үйрету.Кенеттен пайда болатын жағдайларда керекті телефон нөмерлерін жатқа айтқызу .Балаларға жақсымен жаман қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу. Көрнекілік: суреттер, құрал – саймандар. Дидактикалық ойын: «Бұлар нелер? Бір сөзбен ата.» Мақсаты: Әрбір карточкада бейнеленген суреттерді, ортақ сөзбен атауға үйрету. Мазмұны: Балаларға суреттер көрсету арқылы олардың атауларын және оларға қандай ортақ сөз айтуға болатынын айту. Дидактикалық ойын: «Түрлі- түсті моншақтарды тізбектеу.» Мақсаты:Ойындар арқылы балалардың білім және білік дағдыларын қалыптастыру.. Қол мен саусақ ұштарының қимылдарын дамыту. Мазмұны:Моншақтарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету. Ойындар арқылы баланың қызығушылығын туғызу және моншақтардың түсін,көлемін, пішінін тану арқылы ақыл-ой белсенділігін арттыру. Жаттығулар: Ыстық сүт (шәй). Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үріп ішеміз. Қәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.
-------------------	--

Тақырып: «Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!»

25.10-29.10.2021ж	Ересек топ Мақсаты: Балалардың ұғымындағы мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту. Негізгі мамандықтар мен көмекші пәндер туралы білімдерін нақтылау. Зат есімге сын есімдерді таңдауды үйрету; зейін, еске сақтау, ойлауды дамыту. Ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Көрнекілік: Осы мамандықтарға қажетті заттар бейнеленген суреттер. Дидактикалық ойын: «Мамандық иелеріне қажетті құралдарды тап» дидактикалық ойыны. Мақсаты: мамандық иелері жайлы түсінік қалыптастыру Мазмұны: балалар әртүрлі мамандық иелерінің құралдарының арасынан дәрігер, аспаз, полиция және шаштаразға қажетті құралдарын дұрыс тауып берулері керек. Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?» Жүргізуші көлікті, автобусты жүргізеді. Аспаз таңғы асты, түскі асты, кешкі асты пісіреді, қуырады, қайнатады, дайындайды. Дәрігер термометрді қояды, дәрі тағайындайды, тыңдайды, емдейді, ем тағайындайды және тағы басқа. Жаттығулар: Әкем менің дәрігер, Анам менің мұғалім. Ағам менің жүргізуші, Жеңгем менің суретші Атам менің ұста, Бәрі-бәрі жұмыста. Өлең мәтініне сәйкес әрекеттерді орындайды.
-------------------	--

Логопед: Кенжеғалиева Лунара Жалғасқалиқызы

**Логопед маманының ұйымдастырған оқу қызметінің
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Қараша айы 2021 жыл

Дүйсенбі: 01.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 02.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 03.11.2021ж Сағат:09:30-12:00 Бейсенбі: 04.11.2021ж Сағат:09:30-12:00 Жұма: 05.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 08.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 09.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:10.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 11.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма:12.11. 2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі:15.11.2021 ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 16.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:17.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі:18.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма:19.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі:22.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 23.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі:24.11. 2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі:25.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма:26.11.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі:29.11.2021ж Сағат:09:30-12:00 Сейсенбі:30.11.2021ж Сағат:09:30-12:00 Бейсенбі: 02.12.2021ж. Сағат: 09.30-12.00 Жұма: 03.12.2021ж Сағат: 09.30-12.00
--	---	---	---	--

Тақырып: «Бәрі мен туралы»

01.11-05.11.2021ж	Мақсаты:Балаларға өзінің кім екендігі туралы түсінік қалыптастыру. Отбасы мүшелерін атай білуге үйрету. Баланың сөздік қорын молайту және дамыту. Көрнекілік: Тақырыпқа байланысты суреттер. Дидактикалық ойын: «Менің әкем» Мақсаты:Балаға әке жылулығын, әкенің тапқырлығын көрсету арқылы артикуляциялық жаттығулар орындау. Мазмұны:«Тәтті тосап», «Құлыншақ», «Кесе»осы жаттығулар арқылы тілдің, еріннің қозғалысын дамыту. Дидактикалық ойын:”Кім тапқыр ” ойыны.Мақсаты:Р дыбысы бар сөздер ойлау және машықтандыру Мазмұны:Р дыбысы бар сөздерді атап шығу. Жаттығулар:Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
-------------------	--

Тақырып: «Дұрыс тамақтану, дәрумендер»

08.11-12.11.2021ж	Мақсаты:Балаларға жемістердің, көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, бау-бақшаға саяхатқа шығып, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, баланың тілін дамыту. Көрнекілік: Көкөністер мен жемістер суреттері, себеттер,үлестірмелі материалдар. Дидактикалық ойын:«Дыбысты анықта». Мақсаты:Баланың есту және ойлау қабілеттерін дамытуға байланысты дыбыстарды анықтай білуге дағдыландыру. Мазмұны:Балаорнынан тұрып, маман «а» дыбысынан басталатын сөздер айтқан кезде қолдарын шапалақтайды, ал «с» дыбысынан басталатын сөздер айтқан кезде аяқтарын топылдатады. Дидактикалық ойын:«Шатасқан суретші» Мақсаты: Зейінді дамыту және 10-ға дейін санай алу. Мазмұны:Суретшінің қатесін табу керек. Телефондағы нөмірлер дұрыс орналаспаған, сондықтан шеңбер дискісіне сандар топтамасын дұрыс ретпен орналастыру қажет. Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Қайталап көр» ойыны баланың екіжартышарын дамыту мақсатында екі қолмен бір уақытта суретті бастырып боя ойыны, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- таяқшалар арқылы әр түрлі фигуралар жасау.
-------------------	--

Тақырып: «Менің денсаулығым менің байлығым»

15.11-19.11.2021ж	Мақсаты:Балаларға адам денсаулығының қымбаттылығын, өмір сүру үшін қажеттілігін, бағалы байлық екендігін түсіндіру, денесін шыңдауға, шымыр да шапшаң, ұқыпты да жинақы, талғампаз да қанағатшыл, таза да әдемі болуға тәрбиелеу. Көрнекілік:Нақыл сөздер, үлестірмелі суреттер.Дидактикалық ойын:" Менің сүйікті жеміс-жидектерім» Мақсаты:Жидектер, жемістер туралы сипаттамалық әңгімелер құруды үйрену. Мазмұны:Балаларға жоспар бойынша жемістер мен жидектер туралы сипаттамалық әңгімелер жазуды ұсыныңыз:Мынау не?Қайда өседі?Сыртқы түрі қандай? Дәмі қандай?Дидактикалық ойын: «Сиқырлы сандық»Мақсаты: Дыбыстарды анық, асықпай, дұрыс айта білуге үйрету.Сөздерде дыбыстың дұрыс айтылуына назар аударту.Мазмұны: Маман әдемі сиқырлы сандықтан неше түрлі ойыншықтарды шығарады (Бота, құлыншақ, аю, мысық, машина).Балалар ойыншықтар арқылы сөйлемдер құрап береді.Жаттығулар: Ойын жаттығулары-«Менімен бірге ата» ойыны. мен жануарлардың суреттерін көрсетем ал сен дыбыстайсын ойыны, қолдың ұсақ моторикасын дамыту-«Жұдырық-қабырға-алақан» жаттығуын орындау.
-------------------	--

Тақырып: «Біз мықтымыз, күштіміз»

22.11-26.11.2021ж	Ересек топ Мақсаты: Сабақ барысында баланы өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу Көрнекілік: Үлестірмелі суреттер Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Мазмұны: Л дыбыстарына байланысты сөздер айтып, қыстырғыштарды бір-біріне қыстыру. Дидактикалық ойын: «Кім қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Әр түрлі нәрселердің дауысына еліктеу арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Фонематикалық есту қабілетін және ойлау қабілетін дамыту. Мазмұны: Берілген суреттерге қарап қандай дыбыс шығаратынын есіне түсіріп, дұрыс дыбыстау. Жаттығулар: Ойын жаттығулары-«Қайтала» ойыны Күз мезгілінің суреттерін көрсету арқылы балалардың есту зейінділігін, фонематикалық есту қабілетін дамыту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту-«Жұдырық-қабырға-алақан» жаттығуын орындау.
-------------------	---

Тақырып: «Жыл мезгілдері»

29.11-03.12.2021ж	Мақсаты: Жыл құстары, күз мезгілінде олардың тіршілігіндегі өзгерістер туралы түсінік беру. Құстардың қыс мезгілінде табиғи жағдайлардағы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Көрнекілік: Нақыл сөздер, үлестірмелі суреттер. Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары. Мазмұны: Балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат. б.) Дидактикалық ойын: Дауыстап, баяу. Мақсаты : Көрсеткен суреттерді дауыстап және баяу айту дағдыларын қалыптастыру. Дауыстап айту және баяу айтудың айырмашылығын таба білуге үйрету. Мазмұны: Бейне таспаны қосып дауысын дауыстап және баяу қою. Содан балалардан қайталауын сұрау. Жаттығулар: Ойын жаттығулары-«Менімен бірге ата» ойыны. мен жануарлардың суреттерін көрсетем ал сен дыбыстайсын ойыны, қолдың ұсақ моторикасын дамыту-«Жұдырық-қабырға-алақан» жаттығуын орындау
-------------------	--

Логопед: Кенжеғалиева Лунара Жалғасқалиқызы

**Арнайы педагог маманының ұйымдастырған оқу қызметінің
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Желтоқсан айы 2021 жыл

Дүйсенбі: 06.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 07.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 08.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 09.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 10.12. 2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: ..13.12.2021 ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 14.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 15.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: ..20.12.20201ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 21.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 22.12. 2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: ..23.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма. 24.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 27.12.2021ж Сағат:09:30-12:00 Сейсенбі: 28.12.2021ж Сағат:09.30-12:00 Сәрсенбі: 29.12. 2021ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: ..30.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма. 31.12.2021ж Сағат: 09:30-12:00
---	---	---	---

Тақырып: «Қыс қызығы»

06.12-10.12.2021ж	Мақсаты: Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру, сөйлеу тілі арқылы білімдерін жетілдіру. Қыс мезгіліндегі қызықты ойындар ойнайтынын айтып жеткізу. Дыбыстарды машықтандыра отырып балалардан сұрақ жауап арқылы білімдерін нығайту. Көрнекілік: жыл мезгілінің суреті, қыс мезгілдеріндегі ойындардың суреттері, қысқы қар, Аққала Дидактикалық ойын: “Аққала” Мақсаты: Аққаланың неше бөліктен тұратынын, қандай геометриялық фигуралардан құралғанын, оны неден жасайтынын айтуға дағдыландыру Мазмұны: үстел үстінде жартылай қиылып жасалған аққала бөліктері ілінеді. Үстел үстінде қалған бөліктері: басына киетін шелегі, аузы, қолы, сыпырғышы, ілгегі сияқты суреттері жатады. Балалар осы бөліктерді алып, артындағы сұраққа жауап береді. Дидактикалық ойын: «Орман шулайды» Мақсаты: Ш дыбысын машықтандыру, сөзде, сөйлемде дыбыстауын қадағалау Мазмұны: Жел тұрғанда,ағаштың жапырақтары «Ш-ш-ш»-деп шытырлайды-деп балаларға түсіндіріп,енді қолымызды жоғары көтеріп ағаштың жапырақтары боламыз,жел тұрды –Ш-ш-ш дейміз. Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
-------------------	--

Тақырып: «Менің Қазақстаным»

13.12-15.12.2021ж	Мақсаты: Дыбысты буында сөзде қайталау фонематикалық үрдістерді дамыту. Балаларды Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, еліне, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында олардың сөздік қорларын көбейтіп,сөзде және сөйлемде дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету. Көрнекілік: Қазақстанның картасы, елбасының суреті, Қ.Р. рәміздері Дидактикалық ойын: «Қоңыз» ойыны Мақсаты: Ж дыбысын сөзде, сөйлемде айтуға машықтандыру. Мазмұны: Қоңыздың суретін немесе сұлбасын балаға көрсетеміз.Бұл «Женя» деген қоңыз,ол Ж-ж-ж деп әндетед,ал қане біз де әндетіп көрейік Дидактикалық ойын: «Шатасқан суретші» Мақсаты: Сөйлеуді дамыту және 10-ға дейін санай алуға бейімдеу Мазмұны: Сурет кескіндерін орын орындарына қою арқылы сурет бойынша әңгіме құрастыру. Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
-------------------	--

Тақырып: «Жаңа жылдық сыйлықтар»

20.12-24.12.2021ж	Мақсаты: Балаларға аз белгілі және қиын айтылатын сөздердің буындық құрылымымен жұмыс жүргізу. Балалардың байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Жаңа жылға қатысты диалогтар негізінде сөздік қатынастарды белсенділікке тәрбиелеу. Көрнекілік: Шырша суреттер,сыйлықтар.Қысқы мереке. Жаңа жыл мерекесі. Аяз ата, Ақшақар, суреттері. Дидактикалық ойын: «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Мазмұны: Жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала) Дидактикалық ойын: Тұрмыстық заттардың дыбысына еліктеу ойындары: Мақсаты: Артикуляциялық жаттығуларды орындау Мазмұны: Сағат тықылдайды – ТИК—ТАК,Су тамшылайды – КАП—КАП,Кішкентай балақай жүреді – ТОП—ТОП,Балға соғады ТУК—ТУК, Қайшы қияды ЧИК—ЧИК,Өткеншек тебеміз КАЧ—КАЧ Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
--------------------------	---

Тақырып: «Қош келің Жаңа жыл!»

27.12-31.12.2021ж	Мақсаты: Балалардың тілдік грамматикалық құрылысын дамыту, қойылған дыбысты басқа дыбыстан ажырату. Жаңа жыл мерекесі туралы сөздік қорларын дамыту, сурет бойынша әңгімелеуді үйрету. Көрнекілік: Мерекелік суреттер. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы суреттер» Мақсаты:Балалардға С-з-ц, Ш-ж, Р-л дыбыстарын сурет арқылы дамыту. Мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Дыбыстарды анық айтуға машықтандырамыз. Дидактикалық ойын: «Кірпі» ойыны» Мақсаты: Ф дыбысын сөзде және буында машықтандыру. Мазмұны: Кірпінің суретін немесе сұлбасын балаға көрсетеміз.Бұл кірпі,ол өзінің арқасындағы инелеріне алма,саңырауқұлақтарды іліп алып,ініне алып барады,ол Ф-ф-ф деп пысылдайды. Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
-------------------	--

Логопед: Кенжеғалиева Лунара Жалғасқалиқызы

**Арнайы педагог маманының ұйымдастырған оқу қызметінің
ЦИКЛОГРАММАСЫ**

Қаңтар айы 2022 жыл

Сейсенбі: 04.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 05.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 06.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 10.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 11.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 12.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 13.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 14.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 17.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 18.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 19.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 20.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 21.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00	Дүйсенбі: 24.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сейсенбі: 25.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Сәрсенбі: 26.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Бейсенбі: 27.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00 Жұма: 28.01.2022ж Сағат: 09:30-12:00
--	--	--	--

Тақырып: «Тірі және өлі табиғат»

04.01-07.01.2022ж	Мақсаты: Баланың тілін, сөздік қорын, ойлау қабілетін, сөйлеу мәнерін қалыптастыруда ертегі желісіне сүйене отырып, сұраққа жауап беруге қызығушылықтарын арттыру, достыққа тәрбиелеу. Балаларды өлі және тірі табиғат туралы, жан - жақты түсінік беру. Ойлау және сезіну қабілеттерін қалыптастыру. Табиғатқа деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Көрнекілік: Үйлестірмелі суреттер Дидактикалық ойын: «Сыңарын тап» Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілін, логикалық ойлау қабілетін, зейінін дамыту. Берілген заттардың қызметтерімен танытыру. Мазмұны: Берілген заттардың сыңарларын тауып бір-біріне қосу Дидактикалық ойын: «Орман шулайды» Мақсаты: Ш дыбысын машықтандыру, сөзде, сөйлемде дыбыстауын қадағалау Мазмұны: Жел тұрғанда, ағаштың жапырақтары «Ш-ш-ш»-деп шытырлайды-деп балаларға түсіндіріп, енді қолымызды жоғары көтеріп ағаштың жапырақтары боламыз, жел тұрды –Ш-ш-ш дейміз. Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
--------------------------	--

Тақырып: «Туған өлкенің табиғаты (Туған өлке байлықтары)»

10.01-14.01.2022ж	Мақсаты: Туған өлке туралы мағлұматты бекіту. Табиғаты, жетістіктері, қазба байлықтары туралы айта отырып, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту. Табиғаттың әрбір бөлшегі адамзат баласы үшін асқан байлық, қайталанбас қазына екенін, адам өмірінің қорғаушысы, денсаулықтың қорғаны екенін ұғындыру. Сөздік қорын, тіл дамуын, ой – өрісін молайту. Көрнекілік: Жергілікті жердің көрнекті ғимараттары бейнеленген суреттері Дидактикалық ойын: «Қоңыз» ойыны Мақсаты: Ж дыбысын сөзде, сөйлемде айтуға машықтандыру. Мазмұны: Қоңыздың суретін немесе сұлбасын балаға көрсетеміз. Бұл «Женя» деген қоңыз, ол Ж-ж-ж деп әндетеді, ал қане біз де әндетіп көрейік Дидактикалық ойын: «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Мазмұны: Р, Ш, Л дыбыстарына байланысты сөздер айтып, қыстырғышты бір-біріне қыстыру Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
-------------------	--

Тақырып: «Қазақстанның қыстайтын құстары»

17.01-21.01.2022ж	Мақсаты: Балалардың ой-өрісін, дүниетанымын, көру, сөйлеу, сөздік қорларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қыстайтын құстар туралы білімдерін жетілдіру. Табиғатты сүйуге, құстарды қорғауға тәрбиелеу. Көрнекілік: Құстардың суреттері, құстарға себуге арналған әртүрлі дәндер. Дидактикалық ойын: Ц дыбысын машықтандыру. Мақсаты: Оқушыларға Ц дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін өз бетімен жұмыс жасау арқылы байқату. Оның артикуляциясымен таныстыру. Мазмұны: Ц дыбысына қатысты сөздердің мағынасын түсіндіру. Ұқсас С дыбысымен салыстыру. Дидактикалық ойын: «Салыстыру» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін, сөздік қорын, сөйлеу тілін дамыту Мазмұны: Салыстырмалы әңгімелер құру. Жаттығулар: Ойын жаттығулары- «Айырмашылығын тап » ойыны суреттер арқылы баланың сөйлеу және логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру, мозайка, пазл жинау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту- Ірі моншақтарды бір тізбекке тізу, «Жұдырықты ашып- жабу» жаттығуы арқылы қолдың динамикалық қимылын дамыту.
-------------------	---

